

Диплом туралы

Бакалавриат/ магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға қосымшасы бар жоғары/ жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы өз үлгісіндегі диплом (транскрипт) тегін беріледі.

Диплом, бітірушіге біліктілік беру туралы ҚАК шешімі негізінде қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен тұлғаға беріледі:

- бакалавриат бағдарламалары бойынша-бакалавр дәрежесі/ біліктілігі берілген жоғары білім туралы диплом (бакалавр дипломы, Үздік бакалавр дипломы, дипломға қосымша) ;
- магистратура бағдарламалары бойынша-магистр дәрежесі/ біліктілігі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом; магистр дипломына куәлік, магистр дипломына қосымша.

Диплом бойынша біліктілік дегеніміз не?

Диплом бойынша біліктілік-бұл білім беру ұйымы түлегінің алған білім беру бағдарламасы бойынша белгілі бір қызмет түрін құзыретті орындауға дайындық деңгейін көрсететін атау. Біліктілік атауы кәсіптік даярлық деңгейіне және оқу орнының түріне байланысты (жоғары немесе арнаулы орта).

Біліктілік беру-кәсіптік қызметтің тиісті түрі шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттердің, кәсіптік білімдердің, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығын растау рәсімі;

Бітірушілердің біліктілігі ҚАК шешімінің негізінде диплом жобасы/ жұмысы сәтті қорғалғаннан және /немесе кешенді емтихан тапсырғаннан кейін, білім беру бағдарламасына сәйкес біліктілік бойынша диплом беріледі. Осы ұғымдардың мәнін дұрыс түсіну одан әрі жұмысқа орналасу кезінде құжаттарды толтыру процедурасын жеңілдетеді.

Біліктілік дәрежелерінің түрлері

Бакалавр - жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже;

Бакалавриат-білім беру бағдарламалары тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім;

Магистр-магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже

Магистратура-жоғары оқу орнынан кейінгі білім, оның білім беру бағдарламалары "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған.

Білім беру салалары мен деңгейлеріне сәйкес берілетін дәрежелердің атаулары

№	Білім беру саласының атауы	Бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламалары бойынша берілетін дәреже
		«6В01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
		«7М01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

1	6B01 Педагогикалық ғылымдар	«6B01101 Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
		«7M01101 Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
		«6B01401 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
		«7M01404 Дене шынықтыру және спорт педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
		«6B01501 Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
		«6B01502 Биология мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
		«6B01503 География мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
		«6B01504 Химия мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
		«6B01505 Математика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
2	6B031 Әлеуметтік ғылымдар	«6B03101 Психология» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалавры
3	6B04 Бизнес, басқару және құқық	«6B04201 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша құқық бакалавры
		«7M04201 Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі
		«6B04202 Бизнес құқық» білім беру бағдарламасы бойынша құқық бакалавры
		«6B04203 ҚР Білім беру жүйесіндегі құқықтану және құқықтық қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша құқық бакалавры
		«6B04101 Мемлекеттік және аймақтық басқару» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры
4	6B11 Қызмет көрсету	«6B11301 Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры

